

Ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасын есептеу ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2005 жылғы 2 желтоқсандағы N 307/1-ө, Астана қаласы Қазақстан Республикасы Статистика жөніндегі агенттігі төрағасының 2005 жылғы 5 желтоқсандағы N 194 Бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2005 жылғы 21 желтоқсанда тіркелді. Тіркеу N 3980. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің м.а. 2015 жылғы 27 шілдедегі № 623 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 31 шілдедегі № 585 бірлескен бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің м.а. 27.07.2015 № 623 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 31.07.2015 № 585 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 30 қарашадағы N 1241 қаулысымен бекітілген Әлеуметтік реформаларды одан әрі тереңдетудің 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі Іс-шаралары жоспарының 1.1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ** :

1. Қоса беріліп отырған Ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасын есептеу ережесін бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Әлеуметтік нормативтер және мүгедектерді оңалту департаменті (Қ.Манабаева) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге ұсынсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Әлеуметтік нормативтер және мүгедектерді оңалту департаментіне (Қ.Манабаева) және Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі Баға және еңбек статистикасы департаментіне (Н.Кривко) жүктелсін.

4. Осы бірлескен бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және 2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Еңбек және халықты

министрінің міндетін атқарушы

Қазақстан Республикасының
Статистика жөніндегі

агенттігінің төрағасы

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Денсаулық сақтау министрі

2005 жылғы 2 желтоқсан

Қазақстан Республикасының

Еңбек және халықты әлеуметтік

қорғау министрінің м.а.

2005 жылғы 2 желтоқсандағы

№ 307/1-ө

Қазақстан Республикасының

Статистика жөніндегі агенттігі

Төрағасының

2005 жылғы 5 желтоқсандағы

№ 194 бірлескен бұйрығымен

бекітілген

Ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасын есептеу ережесі

Осы Ереже Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 30 қарашадағы № 1241 қаулысымен бекітілген Әлеуметтік реформаларды одан әрі тереңдетудің 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасын Іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 1.1-тармағына сәйкес әзірленді және жалпы Қазақстан Республикасы бойынша, сондай-ақ облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, Астана, аудандар мен облыстық маңызы бар қалалар бойынша ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасын есептеудің тәртібін белгілейді.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережеде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) ең төмен күнкөріс деңгейі - бұл ең төмен тұтыну себетінің құнына тең келетін, бір адамға қажетті ең төмен ақшалай кіріс;

2) ең төмен тұтыну себеті - азық-түлік және азық-түлік емес тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің заттай және құны түріндегі ең төмен жиынтығы;

3) азық-түлік себеті - ғылыми-негізделген тұтыну нормалары бойынша

адамның физиологиялық қажеттіліктерін қанағаттандыруға қажетті тамақ өнімдерінің ең төмен жиынтығы;

4) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган - денсаулық сақтау саласындағы басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

5) халықты әлеуметтік қорғау мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган - халықты әлеуметтік қорғау мәселелері жөніндегі орталық атқарушы о р г а н ;

6) статистика жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган - мемлекеттік статистикаға басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы орган.

2. Ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасын есептеудің тәртібі

2. Ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасын есептеуді статистика жөніндегі уәкілетті орган және халықты әлеуметтік қорғау мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган жүргізеді.

3. Ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы ең қажетті азық-түлік емес тауарлар мен қызметтерге жұмсалатын шығыстардың тіркелімді үлесіне көбейтілген азық-түлік себетінің құнына қарай есептеледі.

4. Астана, республикалық маңызы бар қала, облыс, аудан орталықтары және облыстық маңызы бар қала бойынша ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасын есептеу азық-түлік себетінің құны мен азық-түлік емес тауарлар мен қызметтерге жұмсалатын шығыстардың құнын сомалау жолымен жүргізіледі:

$ТҚДШ = АСҚ + АЕТҚ$, мұнда:

ТҚДШ - ең төмен күнкөріс деңгейінің ең төмен тұтыну себетінің құнына тең ш а м а с ы ;

АСҚ - азық-түлік себетінің құны;

АЕТҚ - азық-түлік емес тауарлар мен қызметтерге жұмсалатын шығыстар Облыс бойынша орташа ең төмен күнкөріс деңгейі облыс орталығы, аудан орталықтары мен облыстық маңызы бар қалалар бойынша қалыптасқан шамаларға қарай, оларды өлшемдеу жолымен, республика бойынша - облыстар, астана және республикалық қала бойынша айқындалады.

5. Ең төмен күнкөріс деңгейі жалпы республика, облыстар, республикалық маңызы бар қала, астана, аудандар және облыстық маңызы бар қала бойынша о р т а е с е п п е н :

ж а н б а с ы н а ш а қ қ а н д а ;

негізгі жыныстық-жас топтары бойынша есептеледі.

6. Ең төмен күнкөріс деңгейі мынадай жыныстық-жас топтары бойынша е с е п т е л е д і :

1) Балалар, жасы:

1 - 3 ;

4 - 6 ;

7 - 10 ;

11 - 13 ;

Жасөспірім ұлдар мен еркектер, жасы:

14 - тен 17 - ге дейін ;

18 - 29 ;

30 - 62 ;

63 - тен жоғары ;

жасөспірім қыздар мен әйелдер, жасы:

14 - тен 17 - ге дейін ;

18 - 29 ;

30 - 57 ;

58-ден жоғары.

3. Азық-түлік себетінің құнын айқындау

7. Азық-түлік себетін статистика жөніндегі уәкілетті орган денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілейтін тамақ өнімдерін тұтынудың ғылыми негізделген физиологиялық нормалары бойынша есептеп шығарады.

8. Статистика жөніндегі уәкілетті орган азық-түлік себетінің құнын халықтың әртүрлі жыныстық-жас топтарына арналған азық-түлік себетіне кіретін тамақ өнімдерін тұтынудың ғылыми негізделген физиологиялық нормаларын ағымдағы жылдың ортасындағы жағдай бойынша республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы, облыс және аудан орталықтарындағы бөлшек сауда жүйесінің өкілдікті нысандарындағы орташа тіркелім бағасына көбейту жолымен есептейді.

$$АСҚ = \sum \left(\frac{p_1 * q_{1n}}{12} + \frac{p_2 * q_{2n}}{12} + \dots + \frac{p_{43} * q_{43n}}{12} \right)$$

м ұ н д а :

АСҚ - азық-түлік себетінің құны;

P_i - i тамақ өнімінің орташа бағасы;

q_{in} - n жыныстық-жас тобының немесе әлеуметтік топтың бір жылда i өнімді ең төмен тұтыну шамасы;

Азық-түлік себетінің үлесі ең төмен күнкөріс деңгейі құнының 60% құрайды.

10. Өңірде нақты бір тауардың бағасы туралы мәлімет болмаған кезде, азық-түлік себетінің құны осы тауардың республика бойынша орташа бағасы ескеріле отырып айқындалады.

11. Қазақстан Республикасының әр түрлі әлеуметтік және жыныстық-жас топтарына арналған азық-түлік себетінің құрылымы NN 1-2-қосымшаларда келтірілді.

12. Азық-түлік себетінің құрылымы осы немесе өзге тағамның маусымдылығы ескеріле отырып түзетіледі:

томаттар мен қияр - ең төмен тұтыну деңгейі бес айға таратып бөлінеді (маусым-қазан), баға жаңа піскен түрлеріне тіркеледі;

қарбыз, жидектер (жүзім) - ең төмен тұтыну деңгейі үш айға таратып бөлінеді (тамыз-қазан), баға жаңа піскен түрлеріне тіркеледі.

13. Халықтың негізгі жыныстық-жас топтарына және Қазақстан Республикасының халқына тұтастай арналған азық-түлік себетіне енгізілген тамақ өнімдерінің химиялық құрамы мен энергетикалық құндылығы NN 3-4-қосымшаларда келтірілді.

4. Азық-түлік емес тауарлар мен қызметтерге жұмсалатын шығыстарды айқындау

14. Азық-түлік емес тауарлар мен қызметтерге жұмсалатын шығыстардың құны ең төмен азық-түлік себетінің құнын ең қажетті азық-түлік тауарлары мен қызметтер шығыстарының Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен белгіленетін тіркелімді үлесіне көбейту жолымен айқындалады.

Азық-түлік емес тауарлар мен қызметтерге жұмсалатын шығыстар мына формула бойынша айқындалады:

$AETШ = (АСҚ : АТШ) \times АТҮ$, мұнда:

AETШ - азық-түлік емес тауарлар мен қызметтерге жұмсалатын шығыстар;

АСҚ - азық-түлік себетінің құны;

АТШ - азық-түлік тауарларға жұмсалатын шығыстар;

АТҮ - азық-түлік емес тауарлар мен қызметтерге жұмсалатын шығыстардың тіркелімді үлесі.

5. Есептердің кезеңділігі және ең төмен күнкөріс туралы мәліметтерді ұсынудың тәртібі

15. Статистика жөніндегі уәкілетті орган ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасын ай сайын - бір ай бұрын, (жылдың) тоқсанның соңғы айында - бір тоқсан (жыл) бұрын жүргізеді және оны халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органға әр айдың 29 күніне дейін жиынтық кесте түрінде ұсынады (5-қосымша).

Ең төмен күнкөріс деңгейінің
шамасын есептеудің ережесіне

1-қосымша

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘР ТҮРЛІ ӘЛЕУМЕТТІК
ТОПТАРЫ ҮШІН НЕГІЗГІ ТАҒАМДЫҚ АЗЫҚТАР ТҰТЫНУДЫҢ ЕҢ
ТӨМЕН НОРМАЛАРЫ (кг/жылына)
(АЗЫҚ-ТҮЛІК СЕБЕТІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ)**

Азық-түлік	Барлық халық	оның ішінде					
		0-13 жасқа дейінгі балалар	14-17 жасқа дейінгі жасөспірімдер		18 жастан \geq еңбекке қабілетті халық		зейнеткерлер және егде жастағы адамдар
			бала	қыз	ер.	әйел.	
1 сорт байы. тылған бидай ұны	13	6.5	17.2	13.2	16.6	13.2	12.7
1 сорт байы. тылған бидай ұнынан нан	70.7	39.6	91.7	70.2	88.6	70.2	69.3
Қара бидай-бидай наны	31.0	17.4	35.8	27.4	40.1	32.3	25.1
Қара бидай наны	4.8	2.5	7.4	5.7	5.8	4.6	5.5
Макарон бұйымдары	4.4	3.5	5.4	4.2	5.2	4.1	4.0
Күріш	8.5	6.5	10.7	8.2	10.3	8.2	7.9
Қарақұмық	2	1.8	2.5	1.9	2.4	1.9	1.8
Сұлы жармасы	2	1.8	2.5	1.9	2.4	1.9	1.8
Майда жарма	2	2.9	2.1	1.6	2.1	1.6	1.6
Бұршақ	2	1.0	2.7	2.1	2.6	2.0	2.0
Картоп	95	66.5	110.9	84.9	117.9	94.1	85.3
Ақ кауданды қырыққабат	25	13.6	32.8	25.2	31.6	25.0	24.5
Сәбіз	20	19.2	23.9	18.3	23.0	18.2	17.8
Пияз	20	8.5	27.0	20.7	26.0	20.6	20.2
Қызынақ	5	3.1	6.5	5.0	6.2	4.9	4.8
Қияр	5	3.1	6.5	5.0	6.2	4.9	4.8
Қызылша	5	3.1	6.5	5.0	6.2	4.9	4.8
Бахша дақылдары (карбыз)	10	4.7	12.7	9.7	12.8	9.7	11.4
Жаңа піскен жеміс (алма)	25	37.3	26.8	20.5	25.8	20.4	19.6
Жидек (жүзім)	4.5	11.1	4.1	3.1	3.9	3.1	2.9
Жемістер қағы (өрік қағы)	0.5	1.7	0.5	0.4	0.4	0.3	0.3
Қант	18	13.3	22.7	17.4	22.0	17.4	16.6

Азықтар атауы	0.5 - 1.0	1-3	4-6	7-10	11-13	14-17	18-29	30-62	63+
Сыыр еті	8.83	10.41	14.10	14.95	16.92	19.47	17.67	17.12	15.35
Шошқа еті	0	0	0	5.78	9.09	12.86	12.24	11.78	9.94
Қой еті	5.24	5.40	5.92	6.28	6.96	7.80	7.40	7.13	6.46
Құс еті	4.23	4.35	4.86	5.12	5.62	6.19	5.86	5.65	4.95
Жылқы еті	0	0.77	1.86	2.48	3.51	4.48	4.11	3.95	3.46
Пісірілген шұжық	0	0.77	1.86	2.21	2.99	4.05	3.89	3.75	3.17
Малдың 1 санаттағы ішек-қарыны (бауыр)	3.88	1.93	1.22	0.62	0.23	0.23	0.23	0.23	0.21
Жаңа ауланған және / немесе жаңа мұздатылған көксерке	7.49	7.60	8.29	8.60	9.29	10.26	9.17	8.84	8.11
Сүт, литр	43.73	54.27	68.46	77.59	94.83	110.69	102.21	98.42	87.29
Майлылығы 20% қаймақ	2.33	2.70	3.04	3.22	3.51	3.91	3.78	3.64	3.34
Майы аз ақ ірімшік	4.08	4.24	4.66	4.88	5.36	5.89	5.75	5.54	5.14
Мәйектік ірімшік	3.32	3.08	3.04	2.65	2.68	2.76	2.56	2.46	2.16
Сары май	3.11	3.62	4.34	4.50	4.83	5.48	5.26	5.06	4.42
Жұмыртқа, дана	349.37	192.66	189.07	172.16	168.33	166.81	150.20	144.60	120.82
Шежілдеуік майы	1.16	3.85	6.12	6.41	6.98	8.86	8.64	8.31	7.61
Маргарин	0	0	0	0.69	0.78	2.36	2.10	2.03	1.72
Майонез	0	0	0	0.11	0.12	0.77	0.73	0.70	0.60
Шай	0	0.19	0.27	0.41	0.64	0.91	0.89	0.85	0.72
Ас тұзы	0.38	0.57	0.85	1.18	1.91	3.00	2.94	2.83	2.37
Ашытқы	0	0.02	0.02	0.06	0.07	0.08	0.07	0.07	0.06
Дәмдеуіштер	0	0	0	0	0.02	0.03	0.02	0.02	0.02

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘР ТҮРЛІ ЖАС ТОПТАРЫНЫҢ
ӘЙЕЛДЕРІ ҮШІН НЕГІЗГІ ТАҒАМДЫҚ АЗЫҚТАР ТҰТЫНУДЫҢ ЕҢ**

ТӨМЕН НОРМАЛАРЫ (кг/жылына)
(АЗЫҚ-ТҮЛІК СЕБЕТІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ)

Азықтар атауы	Жас топтары (жасы)								
	0.5-1.0	1-3	4-6	7-10	11-13	14-17	18-29	30-57	58+
1 сорт байытылған бидай ұны	1.46	3.32	5.70	9.70	10.33	13.16	13.16	13.16	11.78
1 сорт байытылған бидай ұнынан нан	3.46	24.21	47.32	52.51	57.79	70.20	70.20	70.20	64.20
Қара бидай-бидай наны	0	14.75	18.66	23.77	24.53	27.42	32.34	32.34	23.28
Қара бидай наны	0	0	2.37	4.40	4.68	5.66	4.56	4.56	5.10
Макарон бұйымдары	1.46	2.93	3.84	4.02	4.11	4.15	4.13	4.13	3.73
Күріш	5.47	5.53	5.97	6.74	7.18	8.19	8.15	8.15	7.32
Қара-құмық	1.46	1.61	1.68	1.71	1.81	1.88	1.86	1.86	1.67
Сұлы жармасы	1.46	1.61	1.68	1.71	1.81	1.88	1.86	1.86	1.67
Майда жарма	3.44	3.10	2.74	2.19	2.12	1.63	1.63	1.63	1.47
Бұршақ	0	0.66	1.02	1.35	1.43	2.05	2.04	2.04	1.84
Картоп	31.39	44.06	73.98	81.28	82.01	84.93	94.06	94.06	79.09
Ақ кауданды қырық-қабат	3.76	7.41	15.00	18.25	19.34	25.15	25.04	25.04	22.68
Сәбіз	17.96	18.08	18.17	18.24	18.30	18.33	18.24	18.24	16.50
Пияз	2.00	2.55	4.87	13.24	17.03	20.70	20.61	20.61	18.70
Қызынақ	1.46	4.82	3.15	3.98	4.24	4.95	4.91	4.91	4.42
Қияр	1.46	4.82	3.15	3.98	4.24	4.95	4.91	4.91	4.42
Қызылша	1.46	4.82	3.15	3.98	4.24	4.95	4.91	4.91	4.42
Бахша дақылдары (қарбыз)	0	1.82	3.15	7.96	8.48	9.71	9.66	9.66	10.14
Жаңа піскен жеміс (алма)	54.74	39.85	34.09	27.13	21.70	20.53	20.42	20.42	18.12
Жидек (жүзім)	25.55	11.84	7.24	4.88	3.64	3.11	3.09	3.09	2.67
Жемістер қағы (өрік қағы)	3.91	2.19	0.73	0.68	0.58	0.44	0.29	0.29	0

Дәмдеуіштер	0	0	0	0	0.02	0.02	0.02	0.02	0.02
-------------	---	---	---	---	------	------	------	------	------

Ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасын есептеудің ережесіне

3-қосымша

ӘР ТҮРЛІ ӘЛЕУМЕТТІК ТОПТАРЫ ҮШІН АЗЫҚ-ТҮЛІК СЕБЕТІНЕ ЕНГІЗІЛГЕН ТАМАҚ ӨНІМДЕРІНІҢ ХИМИЯЛЫҚ ҚҰРАМЫ МЕН ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

Нутриенттер	Барлық халық	оның ішінде					зейнеткерлер және егде жастағы адамдар
		0-13 жасқа дейінгі балалар	14-17 жасқа дейінгі жасөс. пірімдер		18 жастан \geq еңбекке қабілетті халық		
			бала	қыз	ер.	әйел.	
Энергия, ккал	2175	1521	2755	2110	2646	2100	2052
Белоктар барлығы, г	76.0	55.5	96.7	74.1	91.7	72.8	71.5
Жануар белоктары, г	38.9	32.6	49.9	38.2	45.4	36.0	36.7
Майлар барлығы, г	72.2	51.2	92.4	70.9	86.5	68.6	69.6
өсімдік майлары, г	29.8	17.4	39.0	29.8	37.0	29.4	29.9
НЖК, г	25.7	19.8	32.8	25.1	30.4	24.1	24.4
МНЖК, г	20.6	14.7	26.7	20.4	24.6	19.5	19.7
ПНЖК, г	20.2	13.0	25.9	19.8	24.6	19.5	20.1
Холестерин, мг	247	248	298	229	270	215	213
Көмір сулар, г	300	205	378	289	369	293	279
моно-, дисахаридтер, г	90	73	112	86	107	85	82
Тамақ талшықтары, г	10.4	8.9	12.9	9.9	12.3	9.8	9.5
Кальций, мг	597	476	760	582	706	560	561
Магний, мг	283	189	356	273	348	276	263
Фосфор, мг	1199	873	1485	1137	1420	1129	1095
Темір, мг	20.8	13.1	26.3	20.1	25.7	20.5	19.5
Мырыш, мг	11.9	8.0	14.9	11.4	14.3	11.3	11.1
Йод, мкг	208	121	276	212	262	208	203
Селен, мкг	89	53	113	87	109	86	85
Витамин А, мкг (РЭ)	1143	1565	1286	985	1220	967	961
Фолат, мкг	438	288	556	426	541	429	416

Витамин Е, мг	18.6	12.3	23.6	18.1	23.0	18.3	18.0
Витамин В1, мг	1.67	1.05	2.13	1.63	2.07	1.65	1.58
Витамин В2, мг	1.55	1.25	1.98	1.51	1.86	1.47	1.46
Ниацин(НЭ), мг	30.0	21.2	37.8	29.0	36.4	29.0	27.8
Витамин В6, мг	2.07	1.47	2.55	1.95	2.54	2.02	1.9
Витамин С, мг	55	40	68	52	67	53	51

Ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасын есептеудің ережесіне

4-қосымша

ӘР ТҮРЛІ ЖАС ТОПТАРЫНЫҢ ЕРКЕКТЕРІ ҮШІН АЗЫҚ-ТҮЛІК СЕБЕТІНЕ ЕНГІЗІЛГЕН ТАМАҚ ӨНІМДЕРІНІҢ ХИМИЯЛЫҚ ҚҰРАМЫ МЕН ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

	Өлшем бірлігі	Жас топтары (жасы)								
		0.5-1.0	1-3	4-6	7-10	11-13	14-17	18-29	30-62	63+
Энергия	ккал	920	1230	1715	1970	2220	2755	2700	2600	2200
Белоктар - барлығы оның ішінде жануар белоктары	г	37.8	45.6	60.4	70.1	80.0	96.7	93.4	90.0	76.7
	г	30.1	28.6	33.3	37.3	43.0	49.9	46.2	44.5	39.4
Майлар-барлығы оның ішінде өсімдік майлары	г	33.6	43.1	56.3	64.6	73.2	92.4	88.1	84.9	74.7
	г	5.0	13.7	21.4	24.9	27.4	39.0	37.7	36.3	32.1
НЖК	г	15.6	17.3	21.1	23.8	27.0	32.8	31.0	29.8	26.2
МНЖК	г	11.3	12.2	15.3	18.2	21.0	26.7	25.0	24.1	21.2
ПНЖК	г	5.1	10.5	15.8	17.7	19.6	25.9	25.0	24.1	21.6
Холестерин	мг	329	227	239	246	262	298	275	265	229
Көмірсулар - барлығы	г	112	161	237	272	305	378	377	363	300
оның ішінде монодисахара	г	64	63	80	84	93	112	109	105	88

Тамақ талшықтары	г	9.0	7.8	9.1	10.3	10.9	12.9	12.6	12.1	10.2
Кальций	мг	376	418	511	563	648	760	719	693	602
Магний	мг	104	151	211	250	287	356	354	341	282
Фосфор	мг	608	731	947	1090	1241	1485	1446	1393	1175
Темір	мг	5.4	9.9	15.4	18.2	20.7	26.3	26.2	25.2	20.9
Мырыш	мг	4.5	6.3	9.0	10.6	12.1	14.9	14.5	14.0	11.9
Йод	мкг	83	91	122	147	198	276	267	257	218
Селен	мкг	19	36	62	75	87	113	111	107	91
Витамин А (РЭ)	мкг	2636	1714	1466	1241	1127	1286	1242	1197	1032
Фолат (вит.Вс)	мкг	145	213	338	390	439	556	551	531	447
Витамин Е	мг	4.6	10.0	15.1	16.8	18.5	23.6	23.4	22.6	19.3
Тиамин (вит.В1)	мг	0.52	0.76	1.14	1.46	1.70	2.13	2.11	2.03	1.70
Рибофлавин (вит.В2)	мг	1.09	1.08	1.33	1.46	1.64	1.98	1.89	1.82	1.57
Ниацин (вит.В3)	мг	13.8	17.2	22.9	27.3	31.0	37.8	37.1	35.7	29.9
Пиридоксин (вит.В6)	мг	0.95	1.16	1.63	1.92	2.14	2.55	2.58	2.49	2.04
Витамин С	мг	28	30	45	51	55	68	68	66	55

ӘР ТҮРЛІ ЖАС ТОПТАРЫНЫҢ ӘЙЕЛДЕРІ ҮШІН АЗЫҚ-ТҮЛІК СЕБЕТІНЕ ЕНГІЗІЛГЕН ТАМАҚ ӨНІМДЕРІНІҢ ХИМИЯЛЫҚ ҚҰРАМЫ МЕН ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

	Өлшем бірлігі	Жас топтары (жасы)								
		0.5-1.0	1-3	4-6	7-10	11-13	14-17	18-29	30-57	58+
Энергия	ккал	865	1165	1545	1740	1845	2110	2100	2100	1900
Белоктар - барлығы оның ішінде жануар белоктары	г	35.7	43.0	54.5	61.9	66.6	74.1	72.8	72.8	66.3
	г	28.3	27.0	30.0	32.9	35.8	38.2	36.0	36.0	34.0
Майлар - барлығы оның ішінде өсімдік майлары	г	31.7	40.7	50.9	57.1	60.9	70.9	68.6	68.6	64.6
	г	4.7	13.0	19.3	22.0	22.8	29.8	29.4	29.4	27.7

НЖК	г	14.7	16.4	19.0	21.0	22.4	25.1	24.1	24.1	22.6
МНЖК	г	10.6	11.6	13.8	16.1	17.4	20.4	19.5	19.5	18.2
ПНЖК	г	4.8	10.0	14.3	15.6	16.3	19.8	19.5	19.5	18.7
Холес-терин	мг	310	215	215	217	218	229	215	215	198
Көмір сулар - барлығы	г	105	153	213	240	253	289	293	293	259
оның ішінде моноди-сахара	г	60	60	72	74	77	86	85	85	76
Тамақ талшық-тары	г	8.5	7.4	8.2	9.1	9.1	9.9	9.8	9.8	8.7
Кальций	мг	353	396	460	497	538	582	560	560	518
Магний	мг	98	143	190	221	239	273	276	276	243
Фосфор	мг	572	693	853	963	1031	1137	1129	1129	1014
Темір	мг	5.1	9.4	13.8	16.1	17.2	20.1	20.5	20.5	18.0
Мырыш	мг	4.2	5.9	8.1	9.3	10.0	11.4	11.3	11.3	10.2
Йод	мкг	79	87	110	130	165	212	208	208	188
Селен	мкг	18	34	56	67	73	87	86	86	79
Витамин А (РЭ)	мкг	2477	1624	1321	1096	936	985	967	967	890
Фолат (вит.Вс)	мкг	137	202	304	344	365	426	429	429	386
Витамин Е	мг	4.3	9.5	13.6	14.8	15.4	18.1	18.3	18.3	16.7
Тиамин (вит.В1)	мг	0.49	0.72	1.02	1.29	1.41	1.63	1.65	1.65	1.46
Рибо-флавин (вит.В2)	мг	1.03	1.02	1.20	1.29	1.36	1.51	1.47	1.47	1.35
Ниацин (вит.В3)	мг	13.0	16.3	20.7	24.1	25.8	29.0	29.0	29.0	25.8
Пиридоксин (вит.В6)	мг	0.89	1.11	1.47	1.69	1.77	1.95	2.02	2.02	1.76
Витамин С	мг	27	29	41	45	46	52	53	53	47

Ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасын есептеудің ережесіне

5-қосымша

Қазақстан Республикасының өңірлері бойынша ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасына енетін 200_ жылғы _____ тауарлар құны айындағы теңге

Жыныстық - жастық және әлеуметтік-демографиялық топтар бойынша
--

Қатты мәйек ірімшігі								
Жұмыртқа, оны								
Тұздалмаған сары май								
Маргарин								
Шекілдеуік майы								
Алма								
Жүзім								
Қарбыз								
Жемістер қағы (өрік қағы)								
Ақ қауданды кырыққабат								
Басты пияз								
Асханалық қызылша								
Сәбіз								
Жас қияр								
Жас қызанақ								
Картоп								
Аршылған бұршақ								
Құм-шекер								
Дәмдеуіштер								
Тұз								
Майонез								
Ашытқы								
Шай								
Азық-түлік жиынтығы								
Азық-түлік емес тауарлар және ақылы қызметтер								
Тұтыну себетінің барлығы								

кестенің жалғасы

Ж ы н ы с т ы қ - ж а с т ы қ					ж ә н е				
әлеуметтік-демографиялық топтар бойынша									
					С ол - түстік	О ң - түстік			

Орта есеппен жан басына шаққанда									
	Қазақ- стан Респу- бликасы	А қ - мола	А қ - төбе	А л - маты	А ты - рау	Шығыс Қазақ- стан	Жам- был	Батыс Қазақ- стан	
Ірімшік									
Қатты мәйек ірімшігі									
Жұмыртқа, оны									
Тұздалмаған сары май									
Маргарин									
Шекілдеуік майы									
Алма									
Жүзім									
Қарбыз									
Жемістер қағы (өрік қағы)									
Ақ қанданды қырыққабат									
Басты пияз									
Асханалық қызылша									
Сәбіз									
Жас қияр									
Жас қызанақ									
Картоп									
Аршылған бұршақ									
Құм-шекер									
Дәмдеуіштер									
Тұз									
Майонез									
Ашытқы									
Шай									
Азық-түлік жиынтығы									
Азық-түлік емес тауарлар және ақылы қызметтер									
Тұтыну себетінің барлығы									

кестенің жалғасы

Орта есеппен жан басына шаққанда									
						С ол - түстік	О ң - түстік		

Қара- ғанды	Қос- танай	Қызы- лорда	Маң- ғыстау	Пав- лодар	Қазақ- стан	Қазақ- стан	Астана қаласы	Алматы қаласы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК